4 Дәріс. Әлеуметтену және сәйкестік. Ауытқу, қылмыс және әлеуметтік бақылау

1. Теріс мінез-құлық ғылымдардың зерттеу пәні ретінде. Девиантты және делинквентті ұғымдар.
2. Ч. Ломброзо мен У. Шелдонның девиантты мінез-құлық концепциялары.
3. Э.Дюркгеймнің аномия теориясы. Р. Мертонның девиацияны зертеуі.
4. Қоғамдағы бақылауды зерттеу мен оның әдістері.

Әлеуметтену – өзара әрекеттесудің маңызды түрі, адамның қоғамның толыққанды мүшесі ретінде қалыптасуы, адамның биологиялық ағзадан әлеуметтік ағзаға айналу процесі. Әлеуметтенудің нәтижесінде адам тұлға болып қалыптасады. Әлеуметтену дегеніміз адамның қоғамға араласуы үшін қажетті ережелерді, нормаларды, тәжірибелерді, құндылықтарды үйренуі, белгілі бір әлеуметтік ортада қалыптасқан үрдістерді бойына сіңіруі. Адам өмірінде әлеуметтену процесі өмір бойы жүреді. Әлеуметтену тек қарым-қатынастың нәтижесінде жүзеге асады. Яғни адам басқа адаммен қарым-қатынасқа түсе отырып өмір бойы жаңа нәрсені үйреніп, меңгеріп жүреді, өмірінде болған келеңсіз жағдайлардан сабақ алып, өз әрекетін дұрыс жолға қойып отырады.

Әлеуметтену - әлеуметтік ролдер мен мәдени нормаларды игеру үрдісі. Бұл үрдіс адамның жеке, даралық бейнесін қалыптастырады.

Әлеуметтену үрдісі адамның басты өмірлік айналымын (цикл) қамтиды. Бұлар балалық шақ, жасөспірім, есею кезеңі және қарттық.

Әлеуметтену үрдісінің қорытындысына орай бастапқы және ересек әлеуметтену кезеңдері бөлінеді.

Әлеуметтену – жеке адамның даралық ретінде қалыптасуы. Бастапқы балалық кезеңде, әдетте 2-5 жас аралығы, адамда жеке, даралық сезімі болмайды. Соңынан қарапайым түсініктерді игеру, әріптер танып, оқу - бірте-бірте бала бойында даралық сезімін қалыптастыра бастайды.

Кішкене бала тыңдамаған кезде, бұл оның қарсылық сезімі емес, ол тек өз еркіндігін, шеңберін мөлшерлеп отырады. Ал қарсылық ересек жастағы балаға тән сезім. Егер жасөспірім отбасылық, қоғамдық құндылықтарға күмән келтіріп, қарсылық көрсете бастаса оның өзіндік «мен» ұғымының қалыптасқандығының белгісі. Әр адам бойында, оның «мен» деген даралық сезімі әр түрлі жаста қалыптасады.

1. Әлеуметтену агенттері мен институттары

Тұлғаны әлеуметтендіруші агенттер мен институттар: ата-анасы, отбасы, қоршаған ортасы, достары, туыстары, бала бақша, мектеп, колледж, университет, әріптестер, БАҚ, т.б.

Әлеуметтендіруші агенттер бастапқы және екінші реттік болып бөлінеді. Бастапқы әлеуметтендіруші агенттер: отбасы, жақын туыстары, күтуші, мұғалім, дәрігер, жаттықтырушы, достары, яғни баланың өмірінде маңызды орын алатын жекелеген тұлғалар. Екінші реттік деп отырғанымыз – мектеп, бала бақша, полиция, мешіт, түрме, жұмыс орны, университет, т.б.

Адамның өзінің бастапқы қалыптасу кезеңінде басқалардың көмегіне мұқтаж болады. Осы көмек берушілер әлеуметтену агенттері мен институттары деп алады.

Әлеуметтену агенттері – бұлар мәдени нормалар мен әлеуметтік ролдердің дұрыс игеруіне жауапты нақты адамдар.

Әлеуметтену институттары – бұл әлеуметтену үрдісіне бағыт беретін, оған әсер ететін ұйымдар.

Әлеуметтену агенттері мен институттары бастапқы, қосымша болып жіктеледі. Әлеуметтенудің бастапқы агенттері – ата-анасы, аға-апалары, басқа да қандас туыстары, достары, мұғалім, дәрігер және т.б. адамның жақын айналасын құрайтын орта.

Әлеуметтену қосымша агенттеріне мектеп, университет, кәсіпорын әкімшіліктері, әскер, полиция, діни ұйым, партия, БАҚ және т.б. өкілдері, яғни адамға сырттай әсер етушілер жатады.

Әлеуметтенудің қосымша агенттерінің әсері бастапқы кезеңде әлсіз болғанымен, ересек кезеңге ауысқан кезде өте күшейеді.

Әлеуметтену институттары осы агенттердің ұйымдық құрылымдалуы. Мыс., мектеп әлеуметтенудің бастапқы институты, ал нақты бір мұғалім бастапқы агент.

Әлеуметтенудің қосымша агенттері мен институттары адамның ересек ғұмырын толық қамтиды.

Әлеуметтенудің бастапқы агенттері ішінде әке-шеше мен құрдастар үлкен рол атқарады. Әдетте бұлар бір-біріне қарама-қарсы позицияда болады. Ата-анасы ұнатпаған нәрсені құрдастары қолдайды немесе керісінше. Бала дамуында құрдастар оның тәуелді жағдайдан әлеуметтік тәуелсіздікке өтуіне көмектеседі.

Әлеуметтенудің бастапқы агенттері бір-бірімен тығыз байланыста болса, қосымша агенттер мүлдем байланыссыз болады. Әлеуметтенудің қосымша агенттерінің әрқайсысына адам жеке-жеке шығады.

Бастапқы агенттер адамға шын көңілдерімен тегін көмек көрсетсе, қосымша агенттер өз әлеуметтік ролдері үшін қоғамнан ақы алады.

Белгілі бір елдегі адамдардың белгілі бір топқа жатуын қатып-семіп қалған, өзгермейтін құбылыс деп қарауға болмайды; ол үздіксіз өзгеріс, қозғалыста болады. Бұл өзгеріс, қозғалысты социологияда «әлеуметтік мобилдік» деп атайды. «Әлеуметтік мобилдік» категориясын социологияға тұңғыш енгізген П. Сорокин болды.

Әлеуметтік мобилдік дегеніміз адамның бір әлеуметтік топтан екіншісіне өтуінің кез келген түрі. Ол төменнен жоғары көтерілу әлде жоғарыдан төмен құлдырау не болмаса бір деңгейдегі бір топтан екінші топқа өтуі мүмкін. Мысалы, еркек немесе әйелінің ажырасуы, басқа отбасы құруы, бір қызметтен дәл сондай екінші қызметке ауысуы т.б. горизонтальды мобилдік болып (қозғалыс).

Вертикаль бойымен жүретін әлеуметтік өзгеріске деңгейі түрліше бір әлеуметтік топтан екіншісіне өту (мәселен, қызметінін көтерілу, атағының өсуі, идеяның үстем идеяға айналуы т.б. жатады).

Әлеуметтік мобилдік жекеше (жеке адамдікі) немесе коллективтік болуы мүмкін. Коллективтік әлеуметтік мобилдік қоғам өмірінде, құрылысында ірі өзгерістер тудыру мүмкін. Бұл соңғы экономикалық салада немесе саяси-идеологиялық салада болуы мүмкін.

Әлеуметтік өмір әрдайым бір қалыпты, түзу жолмен жүре бермейді, кейде дұрыс жолдан ауытқып кететін ауытқымалы мінез-құлық — аномия орын алуы мүмкін. Мінез-құлық нормаларының қағазға жазылмаған (моральдық) және қағазға жазылып бекітілген (құқықтық) ережелерінен ауытқып кететін теріс мінез-құлық көріністері орын алатын жағдайлары жие кездеседі.

Мінез-құлық нормаларының қағазға жазылмаған (моральдық) және қағазға жазылып бекітілген (құқықтық) ережелерінен ауытқып кететін теріс мінез-құлық көріністері жиі кездеседі. Мұндай мінез-құлық көріністері «девиантылық» (ауытқушы) мінез-құлық деп аталады. Ол оң және теріс сипатта болуы мүмкін. Ерлік, жанқиярлық, көзсіз батырлық, т.б. құптарлық сипаттағы (оң) мінез-құлық көріністері болса, ал автобусқа билетсіз жүру, ұрлық, кісі өлтіру т.б. теріс мінез-құлықтарға жатады.

Ғалымдар ауытқымалы мінез-құлық көріністерінің себептерін ашып көрсетуге, түсіндіруге тырысады. Мұндай бірнеше түсіндірмелер бар. Біреулер (Ч. Ламброзо), адамдардың түрліше мінез-құлық білдіруінің себебі олардың биологиялық ерекшелігінде десе, басқа біреулер (Х. Шелдон) ауытқымалы мінез-құлықтың себебі дене құрылысының ерекшелігінде дейді, үшінші біреулер жыныстық хромосомалардың бұзылуынан (Прайс) іздейді. Ал Зигмунд Фрейд адамның ақыл-ой кемістігі, азғындығы, есаландық (психопат) теріс мінез-құлықтарды тудыратынын дәлелдейді.

Ауытқымалы мінез-құлықтың социологиялық түсіндірмесі жоғарыда келтірілген себептердің әсерін жоққа шығармайды, бірақ ауытқымалы мінез-құлықтардың басты себептерін әлеуметтік-мәдени факторлардан іздейді. Ауытқымалы мінез-құлық қоғам мүшелерінің көпшілік топтарына тарап, қоғамның негізін шайқалтуы мүмкін жағдайларда кездеседі. Мұндай қоғамның күйі әлеуметтік аномия, яғни қоғамның деформациялануы, тәртіпсізденуі деп аталады. Мұндай жағдайлар көбінесе әлеуметтік дағдарыстар, терең реформалар, соғыстар мен революциялық төңкерістер, басқа да ірі әлеуметтік дүмпулер кезінде болады.

Қоғамды мұндай әлеуметтік ауытқудан құтқарудың екі жолы бар. Бірі – ешқандай ымырасыз батыл қимылдап, жағдайды тез реттеу жолы, екіншісі – асығыстық жасамай, қоғам өмірін қалпына келтірудің дұрыс стратегиялық әдіс-тәсілдерін іздеп тауып, қоғам мүшелерінің талап-тілегін, мүддесін ескере отырып, ақыл-парасатпен шешу жолы.

Әлеуметтік бақылау дегеніміз, оның ішінде құқықтық түрде де реттеу арқылы әлеуметтік жүйені құрайтын элементтердің өзара әрекетін реттеу жолымен қамтамасыз ететін және сол жүйенің өздігінен басқарылу тәсілі болып табылады. “Әлеуметтік бақылау” - термин, оны айналымға алғаш рет енгізген Г.Тард бастапқыда қылмыскердің қоғамдық қызметке қайта оралуының құралы ретінде қарастырған болатын.

Р.Парк бойынша әлеуметтік бақылаудың үш нысаны:

1) қарапайым (мәжбүрлеуші) санкциялар;
2) қоғамдық пікір;
3) әлеуметтік институттар.

Санкция - әлеуметтік бақылау элементтерінің бірі. Әлеуметтік бақылау
мойындауды білдіру, марапаттар мен ерекшелік жүйелері ретінде анықталады, солардың арқасында тұлғаның мінез-құлқы қабылданған мінез-құлық үлгілеріне сәйкестендіріледі.